

Маңғыстау облысы бойынша 2022 жылға арналған жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2022 жылғы 24 тамыздағы № 13/154 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 7 қыркүйекте № 29460 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Су Кодексінің 38-бабының 5) тармақшасына сәйкес Маңғыстау облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Маңғыстау облысы бойынша 2022 жылға арналған жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Маңғыстау облыстық мәслихатының хатшысы

Н. Тумышев

Маңғыстау облыстық мәслихатының
шешіміне қосымша
2022 жылғы 24 тамыздағы
№ 13/154

Маңғыстау облысы бойынша 2022 жылға арналған жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары

№	Арнаулы су пайдалану түрлері	Өлшем бірлігі	Мөлшерлемелер (теңге)
1	2	3	4
1	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	1000 текше метр	61,31
2	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	1000 текше метр	237,32
3	Ауыл шаруашылығы	1000 текше метр	66,82
4	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	1000 текше метр	64,51
5	Су көлігі	1000 текше метр	35,06